

**"Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2012 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1680 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 1187 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2012 жылға арналған жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1680 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2012 жылға арналған жоспарында: реттік нөмірі 23-жол алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 33-1 және 33-2-жолдармен толықтырылсын: «

33-1.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қаржымині	Тамыз	Қазан	Желтоқсан	Р.Е. Дәленов
33-2.	Оңалту және банкроттық туралы	Қаржымині	Тамыз	Қазан	Желтоқсан	Р.Е. Дәленов

»

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
К. Мәсімов*